

**«№ 3 ст. энергоблоқты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» жобасын дайындау және іске асыру жоспар-кестесінің орындалуы бойынша есеп**

**Тяньцзинь қ. жабдықтардың 1 партиясын тасымалдау**

2022 жылғы 17 ақпанда «ЕГРЭС2- ст.»АҚ аумағына Тяньцзинь қаласынан салмағы 20,3 тонна бірінші партия жабдығы жеткізілді. Қойма толығымен босатылды.

**Цзининь қ. жабдықтардың 2 партиясын тасымалдау**

2022 жылғы 03 тамызда Цзининь қаласынан 2 164 тонна жабдықты жөнелту аяқталды. Қойма толығымен босатылды. 2023 жылғы 01 ақпанда Цзининь қаласынан станцияға жабдықты толық көлемде жеткізу аяқталды.

**Харбин қ. жабдықтардың 3 партиясын тасымалдау**

- Харбин қ. сақталған жабдықтар екі партияға бөлінген.
- Салмағы 3 723 тн I партияның жабдығы – кедергісіз әкетіледі.
- Салмағы 1 874 тн II партияның жабдығы "Амур Сириус Энерджи ЕРС" КҚБ талаптары бойынша мәселелер реттелгенге дейін қоймада қалады.
- 2023 жылғы 09 наурызда салмағы 3 723,2 тн I партия жабдықтарын жөнелту басталды.

2023 жылғы 26 желтоқсанда "ЕГРЭС-2 ст." АҚ-да 430-дан 426 жүк орны түсірілді, салмағы 3 723 тоннадан 3 597 тонна (96,6%). Қалған екі жүк орны Семейден 120 км қашықтықта, қалған екі жүк орны шекарадан өтуді күтуде, Харбин қ. I партиясын жеткізудің күтілетін аяқталуы – 2023 жылғы желтоқсанның аяғы – 2024 жылғы қаңтардың басы.

**Барлығы:**

ҚХР - дағы жалпы көлемнен 7 781 тн станцияға әкелінгені -5 781 тн (74,3%), жолда 126 тн (1,6%), ҚХР-дағы қалдық 1 874 тн (24,1%).

Салмағы 1 874 тонна болатын II партия Харбин қ. "Амур Сириус Энерджи ЕРС" КҚБ-ның талаптары бойынша мәселелер шешілгенге дейін қоймада қалады.

Амур Сириустың талаптарын шешу үшін шығындардың заңдылығы мен дәлелденуін қарау мақсатында заң кеңесші және тәуелсіз аудиторлық компания тартылды.

2023 жылғы 22 қарашада "КВАРЦ КЗ"ЖШС мен "Эрнст энд Янг - консультациялық қызметтер"ЖШС арасында шарт жасалды, оның көлеміне: қойылған талаптың негізділігін зерделеу, талдау және анықтау; құжатпен расталған "Амур Сириус Энерджи ЕРС" КҚБ-ның нақты/іс жүзінде шеккен қосымша шығыстарының сомасын өтеудің негізділігіне қатысты қорытынды беру кіреді.

Шағым аудиторларынан қорытынды / есеп алғаннан кейін "Амур Сириус Энерджи ЕРС" КҚБ шығындарын өтеу және жабдықтың қалған бөлігін кейіннен әкету туралы шешім қабылданады.